



ҚАУЛЫ

«26» қапан 2021 ж.г.

Әйтеке би кенті

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 171

пос. Айтеке би

Қауымдық сервитутты белгілеу
туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17-бабы 5-1) тармақшасына сәйкес және «Қазалы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021 жылғы 19 қазандағы №01-5/838 хаты негізінде Қазалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазалы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Ақтан батыр, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдакөл, Ү.Түктібаев елді мекендеріне магистральдық газ құбырын жеткізу үшін, жердің меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймастан 11,501 гектар жер учаскесіне 3 (үш) жыл мерзімге дейін қауымдық сервитут белгіленсін.

2. «Қазалы ауданының жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне (Е.Сейтов) жер-есеп құжаттарына өзгеріс енгізу және осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдау тапсырылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау салаға жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданының
әкімі



[Signature]

М. Оразбаев

[Signature]

[Signature]

[Signature]